

2022 жылдың қазан айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы 94,2 млрд. теңгеге 222,3 мың ақша аударымдары жіберілген. 2021 жылғы қазан айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының мен көлемі тиісінше 23,5% және 6,0% - ға қысқарды. Осы жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда да ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 7,9% және 6,3%-ға төмендеуі байқалады.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2022 жылдың қазан айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 5,1% және жалпы сомасының 5,2% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 94,9% және 94,8% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың қазан айында шетелге ААЖ арқылы 89,3 млрд. теңге сомаға 210,9 мың транзакция жіберілді. 2022 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны мен көлемі 6,6% және 4,9%-ға азайды. Өткен жылғы қазанмен салыстырғанда жөнелтілген ақша аударымдарының саны мен көлемі 7,2%-ға және 4,5%-ға азайды.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Түркия – 28,1 млрд. теңге (үлесі – 31,5%), Өзбекстан – 25,2 млрд. теңге (жалпы сомадағы үлесі 28,3%), Ресей – 17,6 млрд. теңге (үлесі – 19,7%), Грузия – 4,1 млрд. теңге (үлесі – 4,6%), сондай - ақ Қытай – 3,2 млрд. теңге (үлесі – 3,5%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	178,7	84,7%	66 011,3	73,9%
CONTACT	16,8	8,0%	15 075,5	16,9%
Вестерн Юнион	7,7	3,6%	5 861,7	6,6%
MONEYGRAM	1,9	0,9%	1 429,5	1,6%
ЮНИСТРИМ	2,7	1,3%	615,0	0,7%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,1	1,5%	331,6	0,4%
Жалпы жиынтығы	210,9	100,0%	89 324,6	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Түркия	34,6	16,4%	28 120,1	31,5%
Өзбекстан	69,8	33,1%	25 247,2	28,3%

Ресей	65,5	31,1%	17 570,0	19,7%
Грузия	2,6	1,2%	4 077,6	4,6%
Қытай	2,5	1,2%	3 159,1	3,5%
Қырғызстан	11,3	5,3%	3 066,1	3,4%
Тәжікстан	15,3	7,2%	2 369,0	2,7%
Әзірбайжан	2,2	1,0%	1 228,2	1,4%
Корея Республикасы	0,8	0,4%	978,3	1,1%
Украина	1,9	0,9%	775,7	0,9%
Басқалары	4,5	2,1%	2 733,2	3,1%
Жалпы жиынтығы	210,9	100,0%	89 324,6	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 46,2%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 66,3%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 36,2% және 19,6%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың қазан айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 74,3 млрд. теңге сомаға 179,6 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2022 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда алынған ақша аударымдарының саны 10,8%-ға көбейген, ал көлемі 5,2%-ға азайған. Өткен жылдың қазанымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 2,2 есе және 3,2 есе өскен.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 42,7 млрд. теңге (жалпы сомадағы үлесі 57,5%), Қырғызстан – 10,4 млрд. теңге (үлесі – 14,0%), Өзбекстан - 7,6 млрд. теңге (үлесі – 10,2%), Америка Құрама Штаттары – 3,5 млрд. теңге (үлесі – 4,7%) және де Корея Республикасы – 2,8 млрд. теңге (үлесі – 3,8%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сума (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	119,1	66,3%	48 140,3	64,8%
CONTACT	13,2	7,3%	9 976,0	13,4%
Вестерн Юнион	23,0	12,8%	7 331,5	9,9%
MONEYGRAM	11,5	6,4%	4 837,7	6,5%
ЮНИСТРИМ	9,2	5,1%	3 774,6	5,1%

Басқа ақша аудару жүйелері	3,7	2,1%	238,9	0,3%
Жалпы жиынтығы	179,6	100,0%	74 299,1	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	123,43	68,7%	42 712,2	57,5%
Қырғызстан	6,72	3,7%	10 370,2	14,0%
Өзбекстан	7,60	4,2%	7 583,3	10,2%
Америка Құрама Штаттары	10,62	5,9%	3 476,2	4,7%
Корея Республикасы	5,60	3,1%	2 848,7	3,8%
Түркия	4,60	2,6%	1 665,5	2,2%
Германия	7,55	4,2%	1 237,8	1,7%
Грузия	0,68	0,4%	556,3	0,7%
Тәжікстан	0,78	0,4%	441,4	0,6%
Израиль	1,07	0,6%	337,9	0,5%
Басқалары	11,00	6,1%	3 069,5	4,1%
Жалпы жиынтығы	179,64	100,0%	74 299,1	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 35,3% және жалпы сомасының 60,7%) және қазақстандық теңге (тиісінше 49,9% және 31,0%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР

Қазақстан аумағында 2022 жылдың қазан айында 4,9 млрд. теңге сомасына 11,4 мың транзакция жүргізілді. 2022 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 26,6%-ға, көлемі 26,1%-ға азайды. Өткен жылдың қазанымен салыстырғанда Қазақстан аумағында ақша аударымдарының саны 82,0%-ға азайды, ал операциялар көлемі 27,5%-ға өсті.


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	1,3	11,6%	1 509,5	30,8%
CONTACT	0,01	0,1%	37,9	0,8%

Вестерн Юнион	0,01	0,1%	18,4	0,4%
ЮНИСТРИМ	0,03	0,3%	2,8	0,1%
Басқа ақша аудару жүйелері	10,0	87,9%	3 333,1	68,0%
Жалпы жиынтығы	11,4	100,0%	4 901,7	100,0%

Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

